



Сансызбайқызы Салтанат,

М. Сапарбаев атындағы Оңтүстік Қазақстан гуманитарлық институты, заң ғылымдарының кандидаты

ҰЛЫБРИТАНИЯ СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жалпы, ағылшын сот төрелігі жүйесінің негізі Генрих II (1154-1189 жж.) кезінде, жер меншігіне байланысты туындаған дауларды реттеумен айналысатын 12 жергілікті рыцарьлардан тұратын сот жүйесі түрінде қаланған болатын. Сонымен қатар, Генрих II тұсында 18 судьялар әр түрлі дауларды реттеумен айналысқан [1,28]. Судьялар Англияның барлық территорияларына Лондоннан барып келіп сот төрелігін жүргізген, осыған байланысты елде бірегей құқықтық жүйенің (common-law – «ортақ құқық» - яғни, барлығы үшін ортақ құқық – common for all-law) негізі қаланған [1,33].

Қазіргі таңдағы ағылшын сот жүйесінің негізі ұзақ жылдарға созылған реформалардың жемісі болып табылады. 1873-1875 және 1925 жылдардағы сот реформаларынан кейін XX ғасырдың 60-шы жылдарында реформаның келесі толқыны да сот жүйесінің тиімділігін арттыруға арқау болған жаңартулардың қатарына жатады. Парламенттің маңызды актілерінің ішіне: 1966 және 1968 жж. «Қылмыстық істер бойынша апелляциялар туралы» Акт, 1971 ж. «Соттар туралы» Акт, 1967, 1972, 1977, 1982 жж. «Қылмыстық істер бойынша сот төрелігі туралы» Акт, 1974 ж. «Алқабилер туралы» Акт, 1980 ж. «Магистраттық соттар туралы» Акт, 1981 ж. «Жоғарғы сот төрелігі туралы» Акт, 1990 ж. «Соттар және заңды қызметтер туралы» Акт, 2005 ж. «Конституциялық реформа туралы» Заң сияқты бірқатар маңызды құжаттар кіреді [2,72].

Роман - герман үлгісінен ерекшеленетін Ұлыбританияның заң саласы элитасының негізін, тәжірибесі мол заңгер мамандар солиситор, барристерлер және судьялар ғана атқарады. Солиситор – заң мәселелері бойынша кеңес беретін дербес қорғаушы. Ол сот процесі басында ғана қажетті шараларды қабылдауға құқылы болғанымен, істі қарастыруда олар тек магистраттық соттар және графтықтар соттарына ғана қатыса алады..

Жоғары сатыдағы соттарда тек қана барристерлер ғана қызмет атқарады. Олар – ғасырлардан жалғасқан дәстүрлер негізінде монополистер болып табылады. Барристерлердің элиталық тобына корольдік адвокаттар жатады, ал олардың ішінен Жоғарғы соттың және графтықтардың судьялары таңдалады.

Барристерлердің кәсіби ұйымы ретінде төрт гильдиялар: Линкольндік гильдия, Ішкі Темп, Орта Темп, Грей гильдиясы саналады. Осы мектеп-гильдиялар болашақ судьяларды дайындайтын орталықтар болып табылады.

1990 жылғы соттар және құқықтық қамтамасыз ету туралы Заң бойынша, судьяларды іріктеудің жаңа межесі белгіленген. Осы Заңға сәйкес, жоғарыда көрсетілген корпорациялардың мүшелері, сонымен қатар басқа да құқықтық ұйымдардың өкілдерінің ішінен жаңа қоғам «адвокатура» құрылған. Ол ұйымға, кәсіби органдарының ұйымдарымен ұсынылған тұлғалар еніп, сотта адвокат болуға мүмкіндік алады [3, 115].

Ағылшын университеттерінде студенттер үш жыл оқудан кейін құқық бакалавры деген дәреже алады. Дегенмен, заң дәрежесін алу кәсіби заңгер ретінде қызмет атқаруға мүмкіндік бермейді. Ол дәреже тек бітірушіні гильдия-мектептерде бірқатар құқықтық пәндерді тапсырудан ғана босатады.

Университет қабырғасында заң білімдерін меңгерген тұлғалар осындай гильдия-мектептердің біріне түсіп, бір жыл мерзім ішінде оқудан өтеді. Бітіру емтихандарын тапсырғаннан кейін, бітіруші, бір немесе бірнеше барристерлік мекемелерде оқушы болып қабылданады. Жалпы, ағылшын заң білімі болашақ қорғаушыларды дайындауға бейімделген. Сондықтан да Англияда судья қызметіне тек қана тәжірибесі мол, танымал қорғаушы ғана тағайындала алады [3, 229]. Англияның сот корпусы екі негізгі функцияны атқарады: сот

төрелігін жүргізу және әкімшілік функциялары.

Англия және Уэльс аумақтарында магистраттар – қоғамдық негізгі судьялар болып саналады. Қазіргі таңда 30 мың магистраттық соттар ақысыз негізде қызметтерін атқарады, себебі, олар заңгер болып табылмайды. Дегенмен, олар, 700 соттардағы отырыстарға қатысып, жылына 2 млн істерді қарастырады.

Ағылшын сот жүйесінің басында 12 «тұрақты лорд апелляторлар» (Lords of Appeal in Ordinary) тұрады. Сонымен қатар, 50 судьялар (Lords Justice) Апелляциялық сот құрамында қызмет атқарады. Бір саты төмен деңгейде, Жоғарғы соттың (Royal Courts of Justice) 109 судьясы орналасқан. Олардың 71 талап арыз сомасы 50 000 фунттан аспайтын қарапайым азаматтық істерді қарастырады, 12 судья коммерциялық құқық саласындағы істермен айналысады, 17 меншік құқығымен айналысатын Кеңселік бөлімді (Chancery Division) құрайды, ал жанұялық істермен айналысатын (Family Division) 17 судья бар.

Сонымен қатар, судьялар корпусының негізгі буынын 570 «округтік судьялар» (circuit judges) құрайды. Оларға 1400 рекордерлер (recorders) көмектеседі.

Қылмыстық соттардағы кәсіби магистраттар және азаматтық істер бойынша кіші судьялар қазіргі таңда «аудандық судьялар» (district judges) деп аталады. Олардың саны 100-ге жетеді және олар жеңіл процедура тәртібінде қылмыстық істердің 9 пайызын қарастырады. Аудандық судьялар - бұл жеті жыл еңбек тәжірибесі бар кәсіби заңгерлер. Олардың бұрынғы атауы «стипендиарлық» (ақысы төленетін) магистраттар болатын. Бұл лауазым ХҮІІІ ғасырдың ортасында пайда болған. Аудандық судьяларға 150 аудандық судьялар орынбасарлары (deputy district judges) көмектеседі.

Жалпы, ағылшын судьялары континенталдық еуропалық елдердің судьяларынан айрықша ерекшеленеді. Оларды тағайындаудағы басты талап, бұл тәжірибелік қызметі 15 жылдан кем болмауы тиістігі. Олардың жасы 40 жастан кем болмауы керек.

Судьяларды және көмекші қызметкерлерді оқыту ісін, 1979 жылы лорд-канцлермен құрылған сот тергеулері бойынша Комиссия (Judicial Studies Board) жүзеге асырады. Мұнда барлық рекордерлер үшін жалпы шолу курсы бес күнге созылады. Рекордерлер, округтік судьялар, Жоғарғы Соттың судьялары үшін үш жылдық цикл шеңберінде төрт күндік семинарлар

өткізіліп, мұнда заңнамадағы соңғы өзгерістер талқыланады. Англиядағы кәсіби судьялар корпусының саны басқа да еуропалық елдерге қарағанда шағын түрде. Мәселен, Германияда 30 000 судьялар сот төрелігін жүргізсе, ағылшын кәсіби судьялар корпусының саны 3000-ға жетеді. Бұл жағдай, көбінесе, судьяларды тәжірибелі заңгерлер қатарынан іріктеп алуына байланысты. Заңды және процедураларды жақсы меңгерген, тәжірибесі шындалған үміткерлер ғана судья қызметіне тағайындалады.

Әрбір судьяның көмекшісі бар Америка сияқты басқа елдермен салыстырғанда, ағылшын судьялары көмекшінің қызметіне жүгінбейді. Мысалы, лордтар палатасында сарапкерлер және референттер лауазымы штатта тіркелмеген. Тек қана, соңғы жылдар көлемінде Апелляциялық сотта судьялардың 12 көмекшісі пайда болған.

Ағылшын құқығы бойынша төрт деңгейдегі соттар жүйесі қызмет атқарады:

1. Жоғарғы сатыдағы соттар (Superior courts);
2. Төменгі сатыдағы соттар (Inferior courts);
3. Арнайы юрисдикциядағы соттар (courts of special jurisdiction);
4. Соттан тыс мекемелер (out-court institutions: tribunals and arbitrages) [4, 181].

Дәстүр бойынша сот сатысын Лордтар палатасының Апелляциялық комитеті (Appellate Committee of the House of Lords) басқарады. Ол Апелляциялық және Жоғарғы Соттың шешімдері мен үкімдерін, Шотландия Сот Палатасының азаматтық істер бойынша шешіміне шағымдарды, Солтүстік Ирландия Апелляциялық сотының шешімдеріне шағымдарды қарастырады. 2009 жылдың 1 қазанынан бастап, 2005 жылғы конституциялық реформа туралы Заңға (Constitutional Reform Act 2005) сәйкес, Лордтар Палатасының Апелляциялық комитетінің функциялары Құрама корольдіктің Жоғарғы сотына (Supreme Court of the United Kingdom) берілген [3]. Апелляциялық сотта барлық төменгі сатыдағы соттардың шешімдерін шағымдауға болады. Оның төрағасы - сот архивтерінің басшысы, ал азаматтық істер бойынша Апелляциялық сотты Бас лорд-судья басқарады. Апелляциялық соттың шешімін Біріккен Корольдіктің Жоғарғы сотында шағымдауға болады.

Англия және Уэльс сот жүйесін:

1. Англия және Уэльс Апелляциялық соттары (England and Wales Court of Appeal) - Апелляция тәртібіндегі азаматтық, қылмыстық және жанұялық істер;

2. Англия және Уэльс Жоғарғы соты (England

and Wales High Court) – азаматтық, қылмыстық және жанұялық;

3. Корона Соты (Crown Court) – қылмыстық істер;

4. Графтық соттар (County Court) - азаматтық және жанұялық даулар;

5. Төменгі деңгейдегі: азаматтық, қылмыстық және жанұялық дауларды тыңдайтын бітімгершілік судьялар (Magistrates' Court) және азаматтық істерді ғана қарастыратын трибуналдар (Tribunals) [4, 183].

Солтүстік Ирландия сот жүйесі де Англия сот жүйесімен бірдей сипатта, тек қана мұнда сот органдарының атауы Солтүстік Ирландия соттары деп ерекшеленеді. Тағы бір ерекшелігі, Солтүстік Ирландия графтықтарының соты азаматтық, жанұялық істермен қатар, қылмыстық істерді де қоса қарайды.

Қылмыстық істерді қарастыратын Сот төрелігінің Жоғарғы сотымен (High Court of Justiciary) басқарылатын Шотландия сот құрылымының құрамына: азаматтық және жанұялық дауларды тыңдайтын Сессиондық сот (Court of Session), азаматтық және жанұялық дауларды тыңдайтын шерифтің бас соты (Sheriff Principal), қылмыстық істерді де қоса қарастыратын шериф соты (Sheriff Court), төменгі деңгейдегі қылмыстық істерді қарастыратын бітімгершілік әділет (Justice of the Peace Court), азаматтық дауларды шешетін трибуналдар (Tribunals) кіреді [5].

Англия және Уэльс барлық сот органдары қылмыстық, азаматтық, жанұялық істері бойынша үш негізгі юрисдикцияны атқарады. Азаматтық істер бойынша Англиядағы сот төрелігінің құзыретіне азаматтар немесе кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің бастамасымен көтерілген даулар қарастырылады. Азаматтық істерді судья жеке дара қарастырады. Ауыр қылмыстарды аудандық сот магистраттық сотта немесе аймақтық судья корона сотында қарастырады. Аса ауыр қылмыстарды (адам өлімі, зорлау) корона сотында Жоғарғы сот судьялары немесе Англия және Уэльс Апелляциялық соттардың қылмыстық бөлінісі шеңберінде қарастырылады.

Жоғарғы соттың - Корольдік, канцлерлік, жанұялық сот болып таралатын үш бөлімі бар. Сот құрылымына 78 судья тартылған. Судьялар корольдік адвокаттар арасынан сайланады. Корольдік бөлімінің құзыретіне жалпы құқық және сауда құқығымен реттелетін барлық істер кіреді. Канцлерлік бөлімге жалпы құқықпен реттелмейтін істер кіреді. Корольдік сот (Queens Bench Division — QBD) құрамына бірінші

сатыда күрделі азаматтық істерді қарастыратын және қылмыстық істер бойынша магистраттық соттардың үкіміне апелляцияларды қарастыратын 63 судья кіреді [5].

Канцлерлік бөлім (Chancery Division) бірінші сатыдағы сот ретінде, мүлктік қатынастарға қатысты азаматтық істерді, компаниялардың қызметіне қатысты істерді, банкроттыққа байланысты істерді қарастырады.

Канцлерлік соттың құрамдас бөлігі ретінде Патенттік сот қызмет атқарады. Онда, патенттер, дизайн және сауда маркалары мәселелері бойынша арыздар қарастырылады. Жанұялық бөлім (Family Division) барлық жанұялық қатынастардан туындайтын мәселелер бойынша магистраттық соттардың шешімдеріне шағымдарды қарастырады.

Ағылшын соттары жоғарғы және төменгі сатыға бөлінеді. Жоғарғы соттар құрамына: Біріккен корольдіктердің Жоғарғы Соты (Supreme Court of the United Kingdom) және сот төрелігінің Жоғарғы соты (High Court of Justice) кіреді. Англия және Уэльс сот төрелігінің Жоғарғы сотының құрамына үш тәуелсіз сот мекемелері – Апелляциялық сот, Жоғарғы сот және Корона соты кіреді. 1971 жылғы «Соттар туралы» Акт бойынша Апелляциялық сот, Жоғарғы сот және Корона соты сот төрелігінің Жоғарғы сотының палаталары болып саналады.

Ұлыбритания құқықтық жүйесінің құрылу үрдісінде парламентпен қатар, Жоғарғы сот және соттар (Лордтар палатасы, Апелляциялық сот және сот төрелігінің Жоғарғы соты) қатысады. Жалпы Ұлыбритания сот құрылымы үш сот жүйесінен: Англия және Уэльс, Шотландия және Солтүстік Ирландиядан құрылған. Бұл сот тармақтары Біріккен Корольдіктің Жоғарғы Сотында бірігіп қызмет атқарады. Біріккен Корольдіктің Жоғарғы Соты осы үш сот жүйесінің жоғарғы сот сатысы болып табылады және оған құқық мәселелері бойынша апелляция тәртібінде олардың шешімін қайта қарауға уәкілеттілік берілген.

Корона соты – 1971 жылғы сот туралы Актімен құрылған мекеме. Сот, бірінші сатыдағы қылмыстық істерді қарастырады. Мұнда алқабилер қатысады. Соттың құрамы әр түрде. Егер де алқабилердің қатысуы қарастырылмаса, Корона сотындағы істерді судьялар жеке-дара қарастырады. Корона сотындағы судьялар қызметіне, Жоғарғы соттың судьялары, округтік судьялар, қосымша судья қызметін атқаратын рекордерлер тартылады.

Англия және Уэльсте мамандандырылған

соттар және соттан тыс органдар кең тараған. Олардың құзыреті алуан түрде, кейбір түрлері трибуналдар деп аталынады. Мұндай органдардың қатарына: Құпия Кеңестің заң комитетін (Judicial Committee of the Privy Council), антимонополиялық сотты (Restrictive Practices Court), коронерлер сотын (coroners court, inquest), әскери соттарды (courts martial), протекция соттарын (court of protection), тергеу соттарын (inquiries board), кәсіпкерліктің бостандықтарын шектеу бойынша шағымдарды қарастыру бойынша соттар (Restrictive Practices Court), қорғаншылар соты (Court of Protection), аралық соттар және трибуналдар, еңбек дауы бойынша Апелляциялық трибунал, әлеуметтік сақтандыру бойынша трибуналдар, патенттік трибуналдар, медициналық трибуналдар және ішкі трибуналдар кіреді [4, 243–256].

ЕО-ға кіргеннен кейін Ұлыбританияның соттық жүйесі реформаға ұшырады. 1972 жылы 17 қазан күні Ұлыбритания Парламенті Еуропалық Қауымдастық туралы акт қабылдады. Аталған маңызды құжатта ЕО сотының тәжірибесін ішкі құқық тәртібінде құқық қайнар көздері ретінде пайдалану мәселесі қарастырылды. [6, 198].

Шетел сот мекемелерімен және судьяларымен тиімді түрде әріптестікті жүргізу мақсатында Англияда 2005 жылы Англия және Уэльс жанұялық істер бойынша халықаралық сот төрелігі Қызметі құрылған. Аталған ұйымның қызметтерінің негізгі мақсаттары төмендегідей түрде бекітілген:

1. 1980 ж. Гаага конвенциясын қолдану барысында туындайтын заң саласындағы мәселелер төңірегінде кеңестер беру;

2. Халықаралық конференцияларды ұйымдастыру және өткізу істеріне қатысу;

3. Тиісті юрисдикция шеңберіндегі заңнаманы қолдану мәселелері бойынша отандық және шетелдік судьяларға көмек көрсету.

Сонымен қатар, халықаралық сот қатынастары Қызметі құрылған. Оның қызмет шеңберіне:

1. Әріптестік және өзара түсіністікті орнату мақсатымен ЕО және оның мүше-мемлекеттерінің сот органдарымен байланыс орнату;

2. Отандық және ЕО заңнамасын реформалау ісі бойынша, халықаралық қауымдастықтар және сот органдарының жұмысына қатысу;

3. Дамушы мемлекеттердің сот жүйесінің дамуына қолдау көрсету.

ЕО мүшелігіне өткеннен кейін Англияда 2005 жылы «Конституциялық реформа туралы» Заң

қабылданып, аталмыш Заң өзінің заңды күшіне 2006 жылдың 3 сәуірінен бастап енген. Осы заң бойынша енгізілген негізгі өзгерістер қатарына төмендегілер кіреді:

1. Заңның 3 бабы бойынша, сот билігінің тәуелсіздігіне үкімет тарапынан қолдау көрсету және судьялар шешіміне ықпал жасауға тиым салу;

2. 7 бап бойынша, Лорд-канцлер қызметі реформаға ұшырап, оның сот функциялары Англия және Уэльстің барлық судьяларының төрағасына жүктелген. Лорд-бас судья деп аталатын төраға судьяларды дайындау және қызметке орналастыру ісіне жауап береді және Англия мен Уэльстің судьялар корпусының мүдделерін Парламент және ел Үкіметі алдында қорғайды;

3. 23-27 баптар бойынша, дербес сот тағайындау жүйесі бар, өз қызметкерлері бекітілген, бюджеті бар Лордтар Палатасынан бөлінген тәуелсіз Жоғарғы Сотты құру;

4. 61,63 баптар бойынша, судьялық қызметтерге үміткерлерді іріктеу ісіне жауапты тәуелсіз сот тағайындау ісі бойынша комиссияның (Judicial Appointments Commission) құрылуы;

5. 62 бап бойынша, соттардағы қаралған істер бойынша шағымдарды қарастыруға жауапты Арнайы омбудсмен лауазымын енгізу;

6. Трибуналдар Қызметін енгізу [7].

Англияда 2005 жылы жүргізілген қайта құрылымдар негізінен, Англия сот құрылымы және ЕО-ға мүше-мемлекеттері сот құрылымы аралығындағы алшақтықтарды азайтуға бағытталған.

Жалпы, Англияда сот құрылымына қайта құрулар жасауға бағытталған ұмтылыстар XX ғасырдың 90 жылдарынан бастау алады. Тони Блэр үкіметі кезінде парламент құрылымы реформаланып, парламенттің жоғарғы палатасындағы Британ лордтарының мұрагерлік принципі жойылған. Тони Блэр жүргізген реформаның өзегі, Ұлыбритания лорд-канцлері қызметін тарату және елдің жоғарғы сот жүйесіне өзгерістер енгізу болды [8]. Лорд-канцлер (Lord High Chancellor of Great Britain) - Ұлыбританияның сот жүйесінің басшысы ретінде судьяларды тағайындаумен айналысатын, сонымен қатар, ол парламенттің жоғарғы палатасының төрағасы және министрлер кабинетінің мүшесі болып табылатын [9].

Осы кезеңде жүргізілген қайта құрылымдардың нәтижесінде, Ұлыбританияда билік бөлінісінің өзіндік үлгісі қалыптасты, яғни сот

билігі заң шығарушы биліктен ажыратылып – сот лордтары лордтар палатасынан оқшауландырылды. Ұлыбританияның Жоғарғы Соты жоғарғы сот сатысы болып жарияланды. Судьяларды тағайындау ісі судьяларды тағайындау бойынша тәуелсіз комиссия құзыретіне берілді.

Ағылшын сот жүйесінің ерекшелігіне, конституциялық соттың болмауы, сот билігінің біртұтастығы (Шотландия және Солтүстік Ирландия дербес сот жүйесінің жүйесін ескере

отыра) жатады. Британ соттарының қызметінде әділетті процедура принциптері іргелі принцип болып табылады. Оның екі негізгі ережесі бар: өз ісін ешкім таразылай алмайды және ешкімді де ісін толық қарастырмай соттауға болмайды. Бірінші ережеге сәйкес, соттар әділетсіз әкімшілік шешімдердің күшін жояды. Екінші ереже мекемелерде істі әділетті қарастыруды, тыңдауды талап етеді. Мүдделі тұлғалар хабардар етіліп, тыңдалуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Апарова Т.В. Суды и судебный процесс Великобритании: Англия, Уэльс, Шотландия.-М.: Институт международного права и экономики. «Триада Лтд», 1996.- 157с
2. Яровая М.В. Современная судебная система Англии и Уэльса (часть I) // Вестник Московского городского педагогического университета. Серия «Юридические наук».- М.: ГОУ ВПО МГПУ.- 2013.- № 1 (11).- С. 70-80
3. Slapper, G. The English Legal System / G.Slapper, D.Kelly. – 8th ed. – Oxon : Routledge Cavendish, 2006 – 738 p
4. Романов А. К. Правовая система Англии. 2-е изд., испр. - М.: Дело, 2002. — 344 с.
5. Structure of the courts system // <http://www.judiciary.gov.uk/about-the-judiciary/the-justice-system/court-structure/>
6. Назаров И.В. Судебная система Великобритании и ее реформирование в связи с членством в Европейском Союзе. Проблемы законности. – 2011.-№.-115.-С. 198-207
7. The Constitutional Reform Act 2005 // <http://www.judiciary.gov.uk/about-the-judiciary/the-judiciary-the-government-and-the-constitution/constitutional-reform/>
8. James Alt. The Constitutional Revolution of Tony Blair// <https://www.rose-hulman.edu/~casey1/BAB-Alt.pdf>
9. Энциклопедический словарь Ф.А. Брокгауза и И.А. Ефрона, 1890-1907, С.-Пб.: Брокгауз-Ефрон 1890–1907.

References

1. Aparova T.V. Sudy i sudebny protsess Velikobritanii: Angliya, Uels, Shotlandiya.-M.: Institut mezhdunarodnogo prava i ekonomiki. «Triada Ltd», 1996.- 157s
2. Jarovaja M.V. Sovremennaja sudebnaja sistema Anglii i Ujel'sa (chast' I) // Vestnik Moskovskogo gorodskogo pedagogicheskogo universiteta. Serija «Juridicheskie nauk».- M.: GOU VPO MGPU.-2013.- № 1 (11).- S. 70-80
3. Slapper, G. The English Legal System / G.Slapper, D.Kelly. – 8th ed. – Oxon : Routledge Cavendish, 2006 – 738 p
4. Romanov A. K. Pravovaja sistema Anglii. 2-e izd., ispr. - M.: Delo, 2002. — 344 s.
5. Structure of the courts system // <http://www.judiciary.gov.uk/about-the-judiciary/the-justice-system/court-structure/>
6. Nazarov I.V. Sudebnaja sistema Velikobritanii i ee reformirovanie v svjazi s chlenom v Evropejskom Cojuze. Problemy zakonnosti. – 2011.-№.-115.-S. 198-207
7. The Constitutional Reform Act 2005 // <http://www.judiciary.gov.uk/about-the-judiciary/the-judiciary-the-government-and-the-constitution/constitutional-reform/>
8. James Alt. The Constitutional Revolution of Tony Blair// <https://www.rose-hulman.edu/~casey1/BAB-Alt.pdf>
9. Enciklopedicheskij slovar' F.A. Brokgauza i I.A. Efrona, 1890-1907, S.-Pb.: Brokgauz-Efron 1890–1907.



Әлемдік қауымдастықтың белсенді мүшесі ретінде саналатын Ұлыбританияның сот төрелігін жүзге асыру бойынша көп ғасырлық дәстүрі қалыптасқан. Жүргізіліп келе жатқан реформаларға қарамастан, Ұлыбританияның сот жүйесі, алуан түрдегі сот мекемелерінің, құқықтық нормалардың, дәстүрлердің күрделі кешенімен ерекшеленеді. Ұлыбританиядағы сот жүйесінің қалыптасуы бойынша көп ғасырлық тәжірибесі зерттеушілер үшін үлкен тәжірибелік маңызы бар дүние. Осы орайда, берілген мақалада ағылшын сот жүйесінің қалыптасу қағидаттары және құрылымына талдау жасалынады. XX ғасырдың екінші жартысында және Еуропалық Одаққа енгеннен кейінгі Ұлыбританияның сот құрылымындағы өзгерістердің негізгі үрдістері қарастырылады.

Түйін сөздер: Ұлыбритания, сот жүйесі, сот құрылымы, соттық- құқықтық реформа, ЕО.

Одним из активных членов мирового сообщества является Великобритания с ее многовековыми традициями правосудия. Несмотря на многочисленные реформы, судебная система Великобритании, отличается сложным комплексом различных судебных учреждений, правовых норм, обычаев и традиций. Многовековой опыт формирования судебной системы Великобритании представляет большой практический интерес для исследователей. В связи с этим в данной статье анализируются принципы формирования и структура английской судебной системы. Рассмотрены основные тенденции изменений в судостроительстве Великобритании во второй половине XX вв и после вступления страны в ЕС.

Ключевые слова: Великобритания, судебная система, судостроительство, судебно-правовая реформа, ЕС.

One of the most active members of the world community is the UK with its centuries-old traditions of justice. Despite numerous reforms, the judicial system of great Britain, is a sophisticated complex of various judicial institutions, legal norms, customs and traditions. Centuries-old experience of development of the judicial system in the UK is of great practical interest for researchers. In this regard, this article analyzes the principles of formation and structure of the English judicial system. The main trends of changes in the judicial system of great Britain in the second half of the twentieth century and after the country's entry into the EU.

Keywords: Britain, the judicial system, judicial system, judicial reform, EU.

Сансызбайқызы Салтанат,

М. Сапарбаев атындағы Оңтүстік Қазақстан гуманитарлық институты, з.ғ.к.

Ұлыбритания сот жүйесінің ерекшеліктері

Салтанат Сансызбайқызы,

Южно-Казахстанский гуманитарный институт им. М. Сапарбаева, к.ю.н.

Особенности судебной системы Великобритании

Sansyzbaykzy Saltanat,

South-Kazakhstan Humanitarian Institute. M. Saparbaeva, Candidate of Law

Features of the judicial system in the UK